

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАҒИ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТИ  
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»  
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023.10 (4)  
қазан-желтоқсан

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

*Құрылтайшысы және баспагері:* Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

*Жарияланым тілдері:* қазақ, орыс, ағылшын.

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы  
Тарих және этнология институты 2023  
© Авторлар ұжымы, 2023

**БАС РЕДАКТОР**

**Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА**

**Аяған Бүркітбай Ғелманұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

**Әлімбай Нұрсан** — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Әбіл Еркін Аманжолұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

**Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

**Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

**Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

**Қожамжарова Дария Пернешқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

**Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

**Көмеков Болат Ешмұхамедұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы** — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

**Муминов Ашірбек Құрбанұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашұлы** — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

**Смағұлов Оразақ Смағұлұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

**Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

**Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

**ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР**

**Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы** — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР**

**Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы** — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

**Қапаева Айжан Тоқанқызы** — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**Қубеев Рустем Жаулыбайұлы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

**ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ**

**Копеева Сания Жуматайқызы** — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Учредитель и издатель:* РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство  
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:  
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,  
археология, этнология, антропология.

*Языки публикации:* казахский, русский, английский.

*Адрес редакции и издательства:*

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии  
имени Ч.Ч. Валиханова, 2023  
© Коллектив авторов, 2023

**ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР**

**Кабульдинов Зиябек Ермуханович** — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

**РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

**Алимбай Нурсан** — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**Абиль Еркин Аманжолович** — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Аяган Буркитбай Гелманович** — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

**Вернер Синтия (Werner, Cynthia)** — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

**Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden)** — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

**Дайнер Александр (Diener Alexander)** — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

**Исмагулов Оразак Исмагулович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Карибаев Берекет Бахытжанович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

**Кожамжарова Дария Пернешовна** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Кожирова Светлана Басиевна** — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

**Кокебаева Гульжаухар Какеновна** — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

**Кумеков Болат Ешмухамбетович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Матыжанов Кенжехан Слямжанович** — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

**Моррисон Александр (Morrison Alexander)** — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

**Муминов Аширбек Курбанович** — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

**Римантас Желвис (Želvys Rimantas)** — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

**Самашев Зайнолла Самашевич** — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

**Сыдыков Ерлан Батташевич** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

**Таймагамбетов Жакен Кожаметович** — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

**ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР**

**Каипбаева Айнагуль Толганбаевна** — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

**НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ**

**Козыбаева Махаббат Маликовна** — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Капаева Айжан Токановна** — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**Кубеев Рустем Джаулыбайулы** — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

**ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ**

**Копеева Сания Жуматаевна** — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

*Founder and publisher:* RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

*Publication languages:* Kazakh, Russian, English.

*Editorial and publisher address:*

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute  
of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

© Коллектив авторов, 2023

**EDITOR-IN-CHIEF**

**Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**EDITORIAL BOARD**

**Alimbay Nursan** — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Abil Yerkin Amanzholovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

**Ayagan Burkitbai Gelmanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

**Werner, Cynthia** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

**Golden Kathie Stromile** — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

**Ismagulov Orazak Ismagulovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

**Karibayev Bereket Bakhytzhonovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

**Kozhirova Svetlana Bassievna** — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

**Diener Alexander** — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

**Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

**Kumekov Bolat Eshmukhambetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich** — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

**Morrison Alexander** — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

**Muminov Ashirbek Kurbanovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

**Rimantas Želvys** — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

**Samashev Zainolla Samashevich** — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

**Sydykov Erlan Battashevich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

**Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

**EXECUTIVE EDITOR**

**Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna** — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

**ACADEMIC EDITOR**

**Kozybayeva Makhabbat Malikovna** — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kapaeva Aizhan Tokanovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

**TECHNICAL SECRETARY**

**Kopeyeva Saniya Zhumataevna** — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)


## ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY

Published in the Republic of Kazakhstan. Edu.e-history.kz  
 Has been issued as a journal since 2014  
 ISSN 2710-3994.  
 Vol. 10. Is. 4, pp. 758–771, 2023  
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / МПНТИ / IRSTI 03.20.  
[https://doi.org/10.51943/2710-3994\\_2023\\_36\\_4\\_758-771](https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_758-771)

**HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN (1980–1990)**

*Karlygash Zhylkyshybayeva*<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Kazakh National Women's Pedagogical University  
 (127/11, Makataev Str., 050000 Almaty, Republic of Kazakhstan)  
 Candidate of Historical Science, Associate Professor  
 <https://orcid.org/0000-0001-7925-9557>. E-mail: [karluwa1970@gmail.com](mailto:karluwa1970@gmail.com)

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023  
 © Zhylkyshybayeva K., 2023

**Abstract.** *Introduction.* In Kazakhstan in 1950–1980, the history of Russia, and not the history of the Fatherland, was taught in schools and universities. The article considers the history of the development of historical education in Kazakhstan at the end of the twentieth century. *Goals and objectives* – to study the teaching of the history of Kazakhstan in secondary schools and higher educational institutions, to conduct a comparative analysis of the content of historical education, to identify changes in textbooks and teaching aids written in 1980–2000 in Kazakhstan. *Results.* The article, based on archival data, studies the content and teaching in secondary schools and universities in Kazakhstan. The importance of the subject of the history of Kazakhstan is shown. Using textbooks and teaching aids written before 1990, the policies of Soviet ideology were studied. The results of a survey of more than 100 people and interviews with contemporary witnesses helped clarify the reality of Soviet ideology. *Conclusion.* The political and social situation in society in the second half of the 1980s. and the crisis of the Soviet totalitarian system showed the need to get rid of class and party content. In the late 1980s and early 1990s, a socio-political change took place in the education system in Kazakhstan. The content of educational materials and textbooks published in the first years of independence underwent fundamental changes.

**Key words:** Historical education, communist policy, Soviet ideology, history of Kazakhstan, school, university, textbook, study guide, stagnation, independence

**For citation:** Zhylkyshybayeva K. Historical education in Kazakhstan in 1980–1990 // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 4. Pp. 758–771. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_10\_4\_758-771




## ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ

Карлыгаш Кайсановна Жылкышыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
(127/11-үй, Мақатаев көш., 050000 Алматы, Қазақстан Республикасы)

Тарих ғылымдарының кандидаты, доцент

 <https://orcid.org/0000-0001-7925-9557>. E-mail: [karluwa1970@gmail.com](mailto:karluwa1970@gmail.com)

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023

© Жылкышыбаева К.К., 2023

**Аңдатпа.** *Kіріспе.* Қазақстанда 1950–1980 жылдар арасында мектептер мен жоғары оқу орындарында негізінен Ресей тарихы оқытылып, Отан тарихы оқытылмады. Мақалада ХХ ғасырдың аяғындағы Қазақстандағы тарихи білім берудің дамуы тарихы баяндалды. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – 1980–2000 жылдардағы жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихының оқытылуы барысын зерттеу, Қазақстандағы тарихи білім берудің мазмұнына салыстырмалы талдау жасау, осы жылдарда жазылған оқулықтар мен оқу құралдарының арасындағы өзгерістер мен даму нәтижелерін анықтау. *Нәтижелер.* Мақалада архив деректері бойынша 1980–2000 жылдар арасы Қазақстандағы жалпы білім беретін мектептер және ЖОО-ғы Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны, оқытылуы мәселелері зерттелді. Қазақстан тарихы пәнінің оқу жүйесіндегі маңыздылығы көрсетілді. 1990 жылға дейінгі жазылған оқулықтар мен оқу құралдарынан кеңестік идеология саясаты зерделенді. Заман куәгерлерінен алынған сұхбаттар және 100-ден астам адамнан қабылданған сауалнама қорытындысы кеңестік идеологияны нақты айшықтауға мүмкіндік берді. *Қорытынды.* 1980 жылдардың екінші жартысындағы қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік ахуал, кеңестік тоталитарлық жүйенің дағдарысы, сол кезеңде дәріптелген таптық, партиялық мазмұннан арылу қажет екендігін көрсетті. 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басында қоғамдық-саяси жаңару байқалды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында шыққан оқу құралдары мен оқулықтардың мазмұны түбегейлі өзгеріске ұшырады.

**Түйін сөздер:** Тарихи білім, коммунистік саясат, кеңестік идеология, Қазақстан тарихы, мектеп, жоғары оқу орны, оқулық, оқу құралы, тоқырау, тәуелсіздік

**Дәйексөз үшін:** Жылкышыбаева К.К. Қазақстандағы 1980–1990 жылдардағы тарихи білім беру // «Edu.e-history.kz» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. 758–771 бб. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_10\_4\_758-771

## ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980-1990 ГГ.)

Карлыгаш Кайсановна Жылкышыбаева<sup>1</sup>

<sup>1</sup>Казахский национальный женский педагогический университет  
(д. 127/11, ул. Мақатаева, 050000 Алматы, Республика Казахстан)

Кандидат исторических наук, доцент

 <https://orcid.org/0000-0001-7925-9557>. E-mail: [karluwa1970@gmail.com](mailto:karluwa1970@gmail.com)

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Жылкышыбаева К.К., 2023

**Аннотация.** *Введение.* В Казахстане в 1950–1980 годы в школах и вузах преподавались история России, а не история Отечества. В статье рассмотрена история развития исторического

образования в Казахстане в конце XX века. *Цель и задачи исследования* – изучить преподавания истории Казахстана в общеобразовательных школах и высших учебных заведениях, провести сравнительный анализ содержания исторического образования, определить изменения в учебниках и учебных пособиях написанных в 1980–2000 годы в Казахстане. *Результаты*. В статье на основе архивных данных изучены содержание и преподавание в общеобразовательных школах и вузах Казахстана. Показана важность предмета истории Казахстана. По учебникам и учебно-методическим пособиям написанных до 1990 года, были изучены политика советской идеологии. Результаты опроса более 100 человек и интервью со свидетелями-современниками помогли уточнить реальность советской идеологии. *Заключение*. Политическая и социальная ситуация в обществе во второй половине 1980-х гг. и кризис советской тоталитарной системы показали необходимость избавления от классового и партийного содержания. В конце 1980-х – начале 1990-х произошло социально-политическое изменение в системе образования в Казахстане. Коренным изменениям подверглись содержание учебных материалов и учебников, изданных в первые годы независимости.

**Ключевые слова:** Историческое образование, коммунистическая политика, советская идеология, история Казахстана, школа, вуз, учебник, учебное пособие, застой, независимость

**Для цитирования:** Жылкышыбаева К.К. Историческое образование в Казахстане (1980–1990 гг.) // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 4. С. 758–771. (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994\_2023\_10\_4\_758-771

### Кіріспе

1950 жылдардың аяғында Қазақстандағы мектептерде тарих пәнін оқытуда бірталай олқылықтар орын алды. Орталау мектепті (жеті жылдық) бітіретін оқушылар өз Отанының тарихынан білім алмады десек те болады. Оқушылар орта мектепті бітіргенде өз Отанының тарихын білмей шығатын болды. Бұл сол кездегі КСРО-ның кеңестік саясатының негізгі бағытының бірі болды. Тек, XX ғ. 50-жылдардың екінші жартысынан бастап қана осы олқылықтардың орнын толтыру үшін жұмыстар атқарыла бастады.

XX ғасырдың 60-жылдарының ортасынан бастап, қоғамдық-әлеуметтік даму барысында тоқырау белгілері айқын бола бастағандықтан, социалистік бағыттағы мемлекеттер кеңестік жолдан бас тартып, КСРО-ның жетекші рөлі төмендеді. КСРО-да ештеңе де өзгермеді және басқа идеялардың кіруіне де жол бермеді.

Тоқырау кезеңінің идеологиясында орыстандыру саясаты басты бағыттардың бірі болып қалыптасты. Ұлы орыстық шовинистік бағыт бойынша Отандық тарихи білім беру және ұлттық құндылықтардан гөрі кеңестік салт-сана дәріптеліп, орыс мәдениеті мен тарихының рөлін асыра бағалау үдерісі жүрді.

1980–1990 жылдар арасы Қазақстандағы тарихи білім беруді дамытуда кеңестік идеологияның іргесін шайқалтып, өзгеріске алып келген кезең болды.

### Материалдар мен әдістер

1980–1990 жылдар арасындағы Қазақстандағы тарихи білім беру туралы деректер Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 1142, 1871, 2255-қорларында сақтаулы. Қор құжаттары Қазақстандағы 1980–1990 жылдар арасында жалпы білім беретін мектептер және жоғары оқу орындарында жүргізілген тарихи білім беру бойынша мол мәліметтер береді. Тарихи деректерді талдаудан өзге құжаттарда ЖОО-да тарих кафедраларындағы Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны мен оқытылуы барысы, кафедралардың ғылыми-зерттеу жұмысының бағыты, студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарындағы коммунистік идеологияның жүргізілуі туралы мәліметтер келтірілген.

Мақалада 1980–1990 жылдар арасындағы Қазақстандағы тарихи білім беруді зерттеуде

талдау, жүйелеу, жалпығылыми индуктивті, дедуктивті және ретроспективтілік, салыстыру, баяндау, сипаттау, есептеу, қорыту, жинақтау әдістері қолданылды.

Мәселен, жинақтау әдісі арқылы сауалнама жүргізілді. 1980–1990 және 1991–2000 жылдар аралығындағы Қазақстандағы тарихи білім беруді, Қазақстан тарихы пәнінің мазмұндық құрылымын, мәнін анықтау өте маңызды. Осы мақсатта Қазақстандағы 1980–2000 жылдар аралығында жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнінің оқытылуы басты мәселе ретінде қарастырылды. Осы себептен, 1980–2000 жылдар аралығында мектеп және университет бітіруші түлектерден сауалнама алынды. Сауалнама Қазақстан Республикасының әр жерінде тұратын 120 заман куәгерлерінің қатысуымен жүргізілді.

Сонымен қатар, сауалнама нәтижелеріне талдау жасай отырып, одан әрі тақырыпты зерделеу, нақтылау мақсатында PhD доктор Л.А. Бисембаевадан және тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Қалыштан сұхбат алынып, нәтижесі мақала жазу барысында қолданылды.

Салыстырмалық әдіс 1980–2000 жылдар арасындағы жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылған оқу бағдарламалары мен оқулықтардың мазмұнын салыстыруға және көрсеткіштердің динамикалық жағдайын қарастыруға жағдай жасады.

### Талқылау

Кенестік кезеңде 1980–1991 жылдары тарихи білімді дамыту қарқынды жүргізілді. Ғалымдар М.Қ. Қозыбаев, З.А. Алдамжаров, Г.Ф. Дахшлейгер, Д.И. Дулатова және т.б. еңбектері жарық көрді. Мәселен, ғалым Б.М. Сатершинов өзінің «Тарихи сана — тәуелсіздіктің рухани тұғыры» атты монографиясында: «Тарихи білім берудің мақсаты жан-жақты дамыған тұлғаның ойлау мәдениетінің қажетті компоненті ретіндегі тарихи сананың адам бойында қалыптастырумен ұштасып жатады. Тарихи білім адамның ғылыми дүниетанымының қалыптасуына, оның бойында адамгершілік мұраттардың егілуіне ықпал етеді. Отанға деген сүйіспеншілік, оның өткені мен бүгінгі мақтан тұту патриотизм деп аталатын сезімдердің құйылысын тудырады» (Сатершинов, 2011: 2), - деп тарихи білім берудің рөлі мен маңызын атап көрсетті.

Ал, 1980 жылдардың аяғында қоғамдағы демографиялық өзгерістер тарихи білімнің объективті дамуына мүмкіндік ашты. Атап айтатын болсақ, Б.А. Төлепбаев, М.Қ. Қозыбаев, К. Нұрпейіс, М. Қойгелдиев, А. Тәкенов, Қ.С. Қаражанов, Ф. Қозыбаева және т.б. ғылыми еңбектері тарихи білімнің даму қорын мол деректермен толықтырды.

Сонымен қатар, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда Қазақстан тарихы пәнінің жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында оқытылуы тарихы туралы ғалым Т.Т. Тұрлығұлдың (Тұрлығұл, 2011: 11–18), Қ.Ж. Адамбосыновтың (Адамбосынов, 2006: 21–27) ғылыми-зерттеу жұмыстары мен еңбектерін атауымызға болады.

Мысалы, ғалым Т. Тұрлығұлдың «Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі» атты ғылыми еңбегінің маңыздылығы ғалым Қазақстан тарихы пәні мектептерде оқытыла бастағалы бері жарық көрген бағдарламалар, оқулықтар, басқа да қосымша құралдарды ғылыми – әдістемелік тұрғыда сараптаған (Тұрлығұл, 1994).

Республикадағы жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуы туралы ғалымдар К. Жаманбаев, Қ. Жоламанов, Л. Рүстемов, Т. Катаев, К. Құнантаеваның өздерінің ғылыми еңбектерінде жаңа ғасырдағы жоғары мектептердің қоғамдық саяси орны мен маңызы туралы мәселелерді қарастырған.

Сонымен бірге тәуелсіз Қазақстан кезеңінде тарихи білімге қатысты және оның даму жолын саралаған көптеген еңбектер жарық көрді. Бұл ретте, Б. Әбдіғұлова, М. Әбусейітова, С. Жолдасбаев, М. Елеуов, Қ. Атабаев, Т. Омарбеков, Б. Кәрібаев, Г. Кәкенова және т.б. ғалымдардың еңбектерін атап кетуімізге болады.

## Нәтижелер

XX ғасырдың басында кәсіби тарихшылар мен ұлт мүддесіне қызмет еткен тұлғалар С. Асфендияров, Т. Рұсқұлов, С. Сейфуллин, М. Тынышбаев, Н. Төреқұлов және т.б. тарихи білім беруді қалыптастырды. 1940–1950 жылдары Е. Бекмаханов, Г. Дахшлейгер, Ә. Марғұлан, К. Ақышев, А. Нүсіпбеков, Ә. Тұрсынбаев және т.б. тарихи білім беруді дамытуға өз үлестерін қосты. Бірақ ұлттық тарихнамада КОКП идеологиясы саясатынан ақиқатты айта алмады. Тарихи танымның маркстік-лениндік деп аталатын өрескел бұрмалауларға құрылған методологиясы орнықты. Жаңа методология тарихтағы тұлғаның рөлін тап күресі мен революциялар көлеңкесінде қалдырып, пролетариат іліміне үлес қоспағаны үшін ғылым, әдебиет салаларындағы ғалымдар әл-Фарабиді, Шоқанды, Абайды, Құрманғазыны лайықты ұлықтауға шектеу қойды, қоғамдық-экономикалық формацияның феодалдық–патриархалдық сатысында тежеліп қалған өлке, социализм тұсында «аға ұлттың көмегімен ғана қатарға қосылған Қазақстан» дегенді алға тартумен болды. Барлық мәселеге Мәскеудің көзімен қарауға ғана рұқсат берілді, шығармашылық бостандыққа шын мәнінде шектеу қойылды. Әрине бұл шектеу Ресей патшалығының отарлау саясатының, кеңестік кезеңдегі оқу-ағарту және білім саласындағы жүргізген реформаларының жалғасы екендігі белгілі (Қараған, Васаклі, 2020: 2504).

1958 жылы мектеп пен өмір байланысын нығайту туралы және Қазақ КСР-де «Халыққа білім беру жүйесін нығайту туралы» Республикалық министрлер кеңесі заң қабылдады. Заң бойынша сегіз жылдық мектеп оқушыларға барлық пәннен тиянақты білім беру керек. Ал, орта мектепте оқу мерзімі 11 жыл болуы қажет деді. 1959 жылы 8 қазанда КОКП Орталық комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесі «Мектептерде тарихты оқытудағы кейбір өзгерістер туралы» (Тұрлығұл, 1994: 22) қаулы қабылдайды. Осы қаулыға сәйкес орта мектептерде 1958–1959 оқу жылынан бастап Қазақстан тарихы қазақ мектептерінде 4 класқа арналған «Қазақ ССР тарихы» оқытыла бастады. Бұл оқу құралының авторы ғалым Т. Тұрлығұл болды. Ежелгі дүние мен орта ғасыр тарихы курстары әрқайсысы бір жылға қысқартылып, тек 5–6 сыныптарда ғана оқытылды.

1965–1966 оқу жылдары Қазақстан мектептері жаңа білім беру жүйесіне көшті. Бұған 1965 жылы 15-мамырдағы КОКП ОК мен КСРС Министрлер Кеңесінің «Мектепте тарихты оқытудың кейбір өзгерістері туралы» қаулысының әсері зор болды. Республиканың Білім беру Министрлігі мен педагогикалық ғылыми-зерттеу институты Қазақ КСР тарихының жаңа оқулықтарын ғылыми негізделген заман деңгейіне сәйкес келетін жаңа бағдарламаны талдауға кірісті. Республикалық Білім Беру министрлігі бекіткен 7–10 шы сыныптарға арналған тарих бағдарламасы 1966–1967 оқу жылдары күшіне енді. Жаңа бағдарлама бойынша профессор Е. Бекмаханов құрастырған Қазақ КСР тарихының жүйелі курсы 7–8 сыныптарда оқылды. Қазақ КСР тарихының хронологиялық шеңбері 7-сыныпта көне заманнан ХІХ ғасырдың аяғына дейінгі кезеңді қамтиды, ал 8-сыныпта империализм дәуірі кезеңін қамтиды. 1967–1968 оқу жылдары Қазақ КСР тарихы Е. Бекмаханов құрастырған оқулық 9–10 сыныптарда өте бастады. 1962 жылдан бастап Е. Бекмахановтың басшылығымен Отан тарихына қатысты алғашқы Хрестоматия жарық көрді. Бұл еңбекте сонау ерте заманнан 1960 жылдарға дейінгі болған тарихында елеулі оқиғалар, тарихи халқымыздың қайраткерлер жайлы құжаттардан, тарихи деректерден мол материалдар берілген. Қазақ КСР тарихы мектептерде КСРО тарихының жалпы бөлігі ретінде оқытылды. Профессор Е. Бекмахановтың оқулықтағы оқушылардың жалпы білім алу дайындығы деңгейі мен оқыту мақсаты, міндеттеріне сәйкес құрамды оқытылуы тиіс білім жүйесі мен көлемін толық анықтап берді. Қазақ мұғалімдері КСРО тарихшы бағдарламасымен 1978 жылға дейін өзгеріссіз жұмыс істеді. Сонымен тарих пәні жалпы білім беретін мектептерде:

1924–1935 оқу жылында – 14 сағат

1935–1936 оқу жылында – 21 сағат

1940–1941 оқу жылында 25,5 сағат

1958–78 оқу жылында 56 сағат (осы жылдан бастап Қазақстан тарихы)

1978–1990 оқу жылында 180 сағат оқытылды.

1991–2000 оқу жылында 221 сағат оқытылды.

Ал, төмендегі кестеден 1958–1959 оқу жылынан 1978 жылдар аралығында Қазақстан тарихы пәніне қатысты курстардың мазмұны өте қысқа, ұлттық тарихты оқытуға өте аз сағат бөлінді:

*Кесте 1.*

[Table 1.]

№	Сыныптар	Курс аты	Көлемі
1	4–5 сыныптар	«КСРО тарихынан эпизодтық әңгімелер»	8–10 сағ
2	7–10 сыныптарда	«КСРО тарихының жүйелі курсы» құрамында Қазақ ССР тарихы	47–48 сағ

Мектепке көмек ретінде Қазақ КСР тарихының әдістемелік құралы шығарылды, онда оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруға көңіл бөлінді. Қазақ КСР тарихы сабағының үлгілері, оны жүргізу түрлері, оқушылардың өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру, қайталау, сабақтарын өткізу, Қазақ КСР тарихын оқытуды жоспарлау қаралған.

1970 жылдары оқытудың ақпаратты бағыты күшейе түсіп, оқыту үдерісін ұйымдастырудағы басты құрал жаңа – оқулықтар пайда болды. Тарихи білім беруде ілгері басқан бағыттармен қатар, оның дамуы қайшылықта болып, бар мүмкіншіліктерін тоқырау жылдарындағы толық жүзеге асыра алмады.

1970 жылы республика көлемінде 10154 мектепте 3 млн 140,8 мың оқушы оқыды, 1977 жылы мектептер саны 92376 оқушы саны 3 млн. 266,1 мыңға жетті. Аталған жылдың бірінші жартысында республика мектептері бағдарламасы Қазақ ССР тарихын оқытуға кірісті, оқушылардың дағдысы мен білімін қалыптастыруға, қазақ тілінде оқулықтар мен оқу құралдарының шығуына үлкен назар аударылды. Әсіресе, ғалым Т.Т. Тұрлығұлдың «IV кл. Қазақ ССР тарихын оқыту (1971), VII–VIII кл. Қазақ ССР тарихын оқыту (1973), IX–X кл. Қазақ ССР тарихын оқыту» (1973) үш кітабы қазақ, орыс тілдерінде жарық көрді.

1978 жылы енгізілген Қазақ КСР тарихының жаңа бағдарламасы бойынша оқытуға көшу 4–10 сыныптарда Қазақ КСР сабағында сағат көлемін арттырды. Тарих сапасын қалыптастыруға, тарихи құжаттарды оқушылардың көзқарасына пайдалануға, өлкетану материалын оқытуға, сабақтың құрылысы мен түрлеріне назар аударылды. Жекелей тақырыптарды оқыту әдістемелері, сыныптан тыс жұмыс, оқу үдерісінде тарих пен өлкетану материалының өзара байланысы, Қазақстан тарихы мен КСРО тарихы материалымен Коммунистік тәрбие беру тиімді жолдары зерттелді. Қазақстандағы мектептерде барлық оқулықтар Кеңес үкіметінің бақылауында болып, тарихи білімнің дамуына кеңестік идеология тікелей әсер етті.

Қазіргі кездегі Отан тарихындағы ең өзекті мәселелердің бірі тарихи-методологиялық әдістерді жетілдіру болып табылады. Тәуелсіздік алғаннан бері Кеңес өкіметі кезіндегі маркстік-лениндік методологиялық теориядан кеттік десек те, әлі де сол қалпымызда дамып келе жатырмыз. Өйткені, тарихты зерттеуде саяси тарих, тұлғалар тарихын ғана көрсетіп, макро тарихты ғана зерттеудеміз. Сондықтан зерттеу жұмысымызда 2 заман куәгерлерінен, тарихшы ғалымдардан сұхбаттар алынып, салыстырмалы талдау жасалынып, пәнаралық әдіс қолданылды.

PhD доктор Л.А. Бисембаевамен болған сұхбатта «Сол жылдарда оқытылған Қазақстан тарихы пәнінің негізгі мазмұны мен мәні туралы ойыңызды айтсаңыз» деген сұраққа ғалым: «Ол кездегі тақырыптар Кеңес Одағында қандай оқиғалар болды, кеңестік идеологияның өзі социализмді орнықтыруға, оны ұлықтауға бағытталды. Яғни, 1917 жылғы социализмнің орнауы, одан кейін оның қазақ жерінде еш кедергісіз жүзеге асуы, социализмге қарсы болғандарды, өзіміздің ұлт жанашырларын, үкіметке қарсы саясатты қолдаушылар ретінде танытты. Солай оқытты. Ол кездегі тарих мазмұны кеңестік идеологияның ықпалында ғана жазылды, шектеулі болды» (Zhylykshybaeva, 2023: 239–240) Сұхбаттағы жауап көрсетіп отырғандай, Кеңестік

идеология орыстандыру саясатын жүргізіп, халқымыздың тарихын оқытуға мүлдем қарсы саясат жүргізді деп тұжырым жасауымызға болады.

Сонымен қатар, мақала жазу барысында 1980–1990 жылдар арасында білім мен ғылымның дамуын, тарихи білім берудің шынайы жағдайын өз көзімен көрген заман куәгері, тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Б. Қалыштан алынған сұхбат нәтижесі де осыны дәлелдейді. «1980–1990 жылдарға қарағанда 1991–2000 жылдары аралығында Отандық тарихымыз шынайы жазылды ма?» деген сұраққа ғалым Қалыш Боранбай Аманжолұлы: «Кеңес өкіметі кезінде идеологиялық саясат өте қатты болғаны тарихымыздан білеміз. Өзіміздің тарихымызға, түркі тектес халықтардың тарихына көңіл бөлінбеді. Тек қана орыс тарихы оқытылды. Ал, көңіл бөліп, қазақ халқының тарихын шынайы жазғандарды ұлтшыл деп соттады. Қазақ халқының атақты тарихшылары Е. Бекмаханов, Б. Сүлейменовтар 25 жылға сотталды», - деп жауап берді. Бұл жауаптан көріп отырғанымыздай, Кеңес өкіметі қазақ халқының ақиқатты тарихын жазуға ешқандай да мүмкіндік бермеді ... . Ал, «1980–1990 жылдар аралығында «Қазақстан тарихы» пәні кеңестік идеологияның негізгі құралы болды ма?» деген сауалдың жауабы тіпті осы ойымызды растайды: «Енді міндетті түрде. Мына гуманитарлық салада Кеңес өкіметі тарих арқылы өздерінің идеологиясын арттырып, ұстанып отырды. Оны ұстанбаса жұмыстан шығарып, соттап жіберетін. 1980–1990 жылдар аралығында «Қазақстан тарихы» пәні кеңестік идеологияның негізгі құралы болды. Кеңес өкіметі кезінде бір мақсат болды – ол Кеңес халықтары деген идеология еді. Біздерде төлқұжаттарды алып тастаймыз бәріміз бір кеңес халқымыз деген саясат жүргізді. Шынға келгенде орыстандыру саясатын жүргізді. Біздерді орыс қылғысы келді. Қазақстанда қалаларда барлық қазақ мектептері жабылды. Бірде-бір қазақ мектептері қалмады. Алматыда 1–2 мектеп болды. Енді бір 50 жыл болғанда қазақ халық ретінде құритын еді. Бір жақты орыстардың тарихын жақсы білетін едік. Ал, біздің 35 түркі тектес халық екендігімізді айтуымызға тиым салынды» (Zhylykshybaeva, 2023: 241–243) сол замандағы кеңестік саясаттың қандай деңгейде, қандай мақсатпен жүргізілгендігін нақты көрсетіп отыр. Тарихи шындық міне осы. Отан тарихының оқытылмауы Коммунистік партияға орыстандыру саясатын жүргізу үшін қажет болды. Қазақ елін мәңгүрт қылып, төл тарихын, түркі тектес халық екендігін білмеу үшін, өркениетін, мәдениетін, тарихын білмеуі үшін қажет болды.

Шындығында да Қазақстан көп ұлтты ел деген желеумен орыс тілін республикада 60 пайыз меңгерсе, қазақ тілін орыстардың 1 пайызы ғана меңгерді. Республикада барлық шыққан кітаптар 95 пайыз орыс тілінде басылды. Мемлекеттік, дипломатиялық, әскери салада іс құжаттары тек орыс тілінде жүргізілді. Ұлттық қатынастардағы қарама-қайшылықтар, тіл саясаты, білім, ғылым саласында, әлеуметтік, экономикалық, саяси, демографиялық, көші-қон үрдісінде кеңестік идеология кең қанат жайды.

Кеңес үкіметінің саясатында кеңестік идеология ең басты құрал болғандығын Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Архиві (ҚРОМА) 1142-қордың 18, 1238, 1280, 1281, 1282, 1240-істерінен зерделенген төмендегі құжаттар да дәлел бола алады.

Мысалы: «Годовой отчет Исторического факультета по учебно-методической подготовки специалистов», «О дальнейшем совершенствований» обучения, методической и политико-воспитательной работе кафедры Истории СССР за 1981–1982 годы» деп аталатын 1504-істе: «КОКП Орталық Комитеті мен КСРО Министрлер Кеңесінің 1979 жылғы 26 сәуірдегі «Жоғары білім беруді одан әрі дамыту және жалпы білім беретін мектептерде оқушылардың оқыту сапасын арттыру және оларды еңбекке дайындау туралы» қаулыға сәйкес, КОКП XXVI съезінің, Қазақстан Компартиясының XV съезінде қабылданған шешімдер негізінде 1981–1982 оқу жылында Тарих факультетінің ұжымы оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу және саяси-тәрбие бағытында алға қойылған міндеттерді орындау жолында аянбай еңбек етті» (ҚРОМА. 1142-қ. 1-т. 1505-іс. 2-п.), - деп жазылған. Яғни, бұл құжатта Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты Тарих факультетінің «СССР тарихы» кафедрасының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеу, саяси-тәрбиелік міндеттері көрсетілген. Тарих факультеті Совет Одағы

Коммунистік Партиясының XXVI съезі мен Қазақстан Коммунистік партиясының XV съезінің шешімдерін орындауға ат салысқан. Бұл келтірілген мәліметтерден, 1980–1990 жылдар аралығы Қазақстанның жоғары оқу орындарында тарихи білім беруде Коммунистік партияның алға қойған міндеттері ғана оқу курсы бағдарламасында оқытылған. Сол кезеңдегі талап сондай болған.

XX ғасырдың аяғындағы қоғамдағы демографиялық өзгерістер тарихи білім берудің дамуын да дағдарысқа әкелді. Әкімшіл-әміршіл басқару әдісі дағдарыстан алып шығуға дәрменсіздік көрсетті. Бірақ бұл дағдарыс қоғамда ашық айтылмады. Бұл сөзімізді ҚРОМА-нің 1142-қор, 1505-іс құжаттарымен растауға болады. Бұл құжаттардан Тарих факультеті бойынша жарияланған монография мен дәрістер фондының барлығы дерлік тек СССР тарихының мәселелерін зерделеуге арналған (ҚРОМА. 1142-қ. 1-т. 1505-іс. 8-п.) және 1980–1990 жылдары Қазақстанның жоғары оқу орындарына қазақ халқының тарихына қатысты дәрістердің оқытылуына шек қойылған.

Мысалы: ҚРОМА-нің 1871 қоры 586 ісінің құжаттарында Қазақ мемлекетік қыздар педагогикалық институтының «КПСС тарихы және ғылыми коммунизм» кафедрасы профессор-оқытушылары: профессор Г. Әбішев «Халықтар лениндік достығы туы астында» тақырыбында монография, «Жаңа маркстік-лениндік партияны құру» тақырыбында мақала, доцент Б.И. Искакова «Еңбекшілерді еңбекке коммунистік тәрбиелеудегі Қазақстан Компартиясының қызметі» деген тақырыпта ғылыми-зерттеу жұмыстарын және «Студенттік жастарға коммунистік тәрбие беру», «В.И. Ленин еңбек рөлі туралы», «Партия және социалистік қоғам» атты үш мақаласын жазып бітіргендігі туралы мәліметтер келтірілген (ҚР ОМА. 1871-қ. 2-т. 586-іс. 8-п.). Бұл жоғарыда келтірілген архив құжатынан сол кездегі Қазақстан ғалымдарының ғылыми-зерттеу жұмыстары қалай және қандай тақырыптарда жүргізілгендігін байқауымызға болады. Бірде-бір ғалым Коммунистік идеологиядан асып, басқа ұлттық тақырыптарда зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндіктері болмаған.

Ал, келесі архив құжатында, СССР тарихы кафедрасында өткізілген ашық сабақтарды талдау туралы мәлімет келтіріледі. «Жалпы орта білім беру жүйесінде ұлттық тарихты оқыту маңызды орын алады, ол студенттерді белгілі бір қоғамдық-саяси білім жүйесімен қаруландыруға, коммунистік дүниетанымын қалыптастыруға арналған. Бұл мақсатты шешуде КСРО тарихы кафедрасының бүкіл профессорлық-оқытушылық құрамының кәсіби-педагогикалық және идеялық-саяси бағыттылығының мазмұнын жетілдіруге үлкен талаптар қоя отырып, төмендегі өткізілетін ашық сабақтар мен дәріс мәтіндері жоспарланып отыр. Б.З. Загитова «Советтік Ресейдің халықаралық жағдайы», Х.Қ. Қасымбаев «КСРО-дағы социализм жеңісінің аяқталуы», дәріс мәтіндері: доцент О.С. Сексенбаев «II бесжылдықтың қорытындылары», «КСРО-ның құрылуы – лениндік ұлт саясатының салтанат құруы» (ҚР ОМА. 1142-қ. 1-т. 1505-іс. 15-п.), - деп жазылған. Бұл деректерді талдай отырып, СССР тарихы Қазақстанда Отан тарихы ретінде оқытылған. Кафедрада өткізілген ашық дәріс сабақтары да жалпыға дерлік тек СССР тарихы материалдарын, СССР партия съездінің шешімдерін, В.И. Лениннің еңбектері аясында ғана қарастырылған.

Сонымен қатар, кафедрадағы студенттерге оқу-тәрбие жұмысындағы жүргізілген идеология туралы қарастырсақ (ҚР ОМА. 1142-қ. 1-т. 1505-іс. 42-п.), бұл құжатта да Тарих факультетінде оқитын 1–4 курс студенттеріне саяси-тәрбие берудегі ең басты мақсат студенттерге коммунистік тәрбиені сіңіру. Осы мақсатта студенттерге партия съездерінің құжаттары оқытылған. Бұл бір ғана жоғары оқу орнындағы Отандық тарихи білім берудің жағдайын қарастырған архив құжаттары.

Ал, келесі бір ЖОО-ы ҚазмемқызПИ-де 1980–1990 жылдары «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұны мен мәні қандай болды? деген сұрақтарға Республикалық Орталық Архив құжаттарын қолдана отырып, талдау жасалады.

1871-қор «Отчет о работе кафедры Истории КПСС и научного коммунизма за 1973–1974 учебный год» деп аталатын 586 істегі құжатта: «КПСС тарихы және ғылыми коммунизм»

кафедрасында жүргізілген оқу-әдістемелік, ғылыми жұмыстардың барлығы дерлік СССР Министрлер кеңесінің белгіленген бағдарламасына сәйкес жүргізілген. Яғни, сол кездегі Қазақстандағы барлық жоғары оқу орындарында жүргізілетін білім беру бағдарламалары КСРО өкіметі бекіткен бағдарламаларға сәйкес жүргізілген. Сонымен қатар, архив құжатында кафедраның барлық оқу-әдістемелік жұмыстары марксизм-ленинизм классиктерінің еңбектеріне, Коммунистік партияның XXIV съезінің шешімдеріне және қаулылары негізіне сүйенеді. Яғни, кафедрадағы оқулықтар, оқу құралдары, жазылатын мақалалар, ашық дәрістер және т.б тек қана партияның құжаттарын оқыту мақсатында жүргізілген. Бұл жерде Отандық тарихты оқыту туралы, ұлттық тарихи білім беру туралы сөз де қозғалмаған.

Осы құжатта ары қарай, студенттерге тарихи білім беруде кеңестік идеологияның қаншалықты деңгейде жүргізілгендігі туралы мәлімет бар. Сабақ барысында оқытылатын дәріс, семинар сабақтары, қосымша оқу-әдістемелік оқулықтар мен оқу құралдары, жүргізілетін ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлығы марксизм мен ленинизм классиктерінің еңбектері, КПСС-тің съезд материалдары болғандықтан коммунистік идеология деңгейінде тарихи білімді қалыптастырған. Қазақ халқының тарихы мүлдем оқытылмаған. Оқытылса да оған басты көңіл аударылмаған, біраз ғана тақырыптар оқытылған. Жоғарыда келтірілген архив құжаттарындағы студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарынан Отан тарихы туралы ғылыми-зерттеу жұмыстары болмаған (ҚР ОМА. 1871-қ. 2-т. 586-іс. 10-п.). Себебі, Кеңес өкіметінің идеологиясының басты мақсаты қазақ жастарын орыстандыру болды. Отанының тарихын білмейтін жастарды басқару және қазақ ұлтын бағындыру да қиындық тудырмайтынын білді. Сондықтан кеңестік идеология осы мақсатын іске асыру үшін тарихи білім беру жүйесінде аянбай жұмыстар атқарды.


Мақаланы жазу барысында 1980–2000 жылдар арасы Қазақстан тарихы пәнінің оқытылуы және мазмұнына қатысты сол кезеңде мектеп бітіруші түлектердің, яғни заман куәгерлерінің пікірін зерттеу маңызды болды. Сол үшін Қазақстанның әр аймағының 120 бітіруші түлектерінен сауалнама алынып, талдау жұмыстары жүргізілді.

1. Сіз оқыған жылдары университетте «Қазақстан тарихы» пән ретінде оқытылды ма? – деген сұраққа сауалнамашылар

- Оқытылмады – 37,5 %
- Оқытылды – 58,6 %
- Мүлдем оқытылмады – 3,9 % деп жауап берді.

6. Сіз оқыған жылдары университетте «Қазақстан тарихы» пән ретінде оқытылды ма?

128 ответов



Диаграммада көрсетілгендей, Кеңестік кезеңде ЖОО-да Қазақстан тарихы пәні оқу жоспарында болған, бірақ өте аз мәліметтер берілген. Тек қана СССР тарихы оқытылған. Қазақстан тарихы пәнінен емтихан да қабылданбаған. Тек зачет (есептелінді) деп қабылданатын. Мен өзім 1987–1992 жылдар арасында Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика институтында оқығандықтан оны жақсы білемін. Тек 1991 жылы Тәуелсіздік алған кезден бастап қана Қазақстан




тарихы пәні оқытыла бастады. Кеңестік идеология саясатымен тарихи білім орыстандырылды.. Отанымыздың тарихын білуімізге шек қойылды. Кім бұл саясатқа қарсы шықса ол халық жауы атанып, қамауға алынып отырды. Сондықтан да сауалнамаға жауап беруші түлектердің жауабының әр түрлі болуы осы себепті болып отыр.

2. 1980–1990 және 1991–2000 жылдар аралығында оқытылған «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнында айырмашылық, өзгерістер бар ма?

- Бар – 85,95 %
- Жоқ – 7 %
- Білмеймін – 7%

3. 1980–1990 және 1991–2000 жылдар аралығында оқытылған «Қазақстан тарихы» пәнінің мазмұнында айырмашылық, өзгерістер бар ма?

128 ответов



2-ші сұрақ бойынша сұрақтың қорытындысына келетін болсақ, бұл жерде 1980–1990 жылдарға қарағанда 1991–2000 жылдар аралығында оқытылған Қазақстан тарихы пәнінің мазмұнындағы айырмашылықтардың 85,95 пайыз екендігін байқап отырмыз. Яғни, 1980–1990 жылдары оқытылған Қазақстан тарихы пәні түгелдей 90 пайызға жуық өзгерістерге ұшыраған. Бұл нені білдіреді? Қағаз жүзінде оқытылды деп жазылса да, іс жүзінде тек СССР тарихы, КПСС тарихы, партия съездерінің шешімдері, маркстік-лениндік шығармалар оқытылғандығы белгілі. Міне, осы тарихи факт дәлелденіп отыр. Оны тек осы диаграмма ғана емес, сонымен қатар, ҚР ОМА. 1871, 2255, 1482, 1142-қорларының құжаттары және заман куәгерлері – ғалымдардан алынған сұхбат материалдары да дәлелдеп отыр.

Яғни, 1980–1990 жылдары Қазақстанның мектептері мен ЖОО-нда Қазақстан тарихы пәні оқытылмады десек те болады. Себебі оқытылса да өте аз ғана оқытылған. Тек СССР тарихы ғана толық оқытылған. Бұл жерден біз Қазақстан тарихының оқытылмауы Кеңес өкіметінің ең басты орыстандыру саясатының негізгі бағыты екендігін көруімізге болады.

Сонымен қатар, 1980 жылғы 14 қазан айындағы «СССР тарихы» кафедрасының отырысының № 2 хаттамасы құжатынан «СССР тарихы» кафедрасында қандай пәндер оқытылғандығы туралы мәліметті көруге болады:

Кесте 2. 1980 жылы СССР тарихы кафедрасында оқытылған пәндер  
[Table 2. Subjects taught at the Department of History of the USSR in 1980]

№	Наименование дисциплин	лекции	семинар
1	История СССР	100	56
2	История Казахской СССР	70	20
3	История древнего мира	120	60
4	История средних веков	120	60
5	Новая история	72	30
6	Новейшая история	46	30
7	История русской литературы	100	16

8	ВИД	50	20
9	История преподавания истории	50	420
10	Основы государственного права	44	16
11	История стран Азии и Африки	40	16

(ҚРОМА. 1871-қ. 2-т. 1115-іс. 50-п.).

Бұл кестеде 1980 жылы Қазақстан тарихы пәні ЖОО-да оқытылғандығын дәлелдейді. Бірақ Қазақстан тарихы пәнінің мазмұны қазақ халқының тарихына сәйкес болмады. Себебі: ол жерде негізінен КПСС-тің съезд шешімдері, ҚССР партия материалдары және маркстік-лениндік классиктердің шығармалары оқытылды.

Яғни, Кеңес өкіметінің жүргізген идеологиялық саясаты арқасында Отандық тарихымыз оқытылмады. Тарихи санамыз уланып, тарихи білім беру 1980–1991 жылдарына дейін ұлттық бағытта жүргізілмеді.

Осы жағдайлар республика мен орталық арасында қарама-қайшылықтың шиеленісуіне объективті негіз болды. Осы кезеңде тарихи білім берудің дамуындағы мемлекеттік саясаттың шынайы бағыты айқын көрінді. Кеңес мемлекетінің шынайы саясаты, әлеуметтік және ұлттық қайшылықтар мерзімді баспасөз беттерінде ашық жарияланып, айтылуы қазақ халқының азаматтық және ұлттық сана-сезімінің өсуіне әкелді. Мұның өзі халықтың саяси-әлеуметтік белсенділігін күшейтуге көмектесті. Қайта құру жылдарында қазақ халқы өзінің тарихы, ұлттық қайта даму, ана тілі, мемлекеттік егемендік алу жөнінде, яғни тарихи білім берудің негізгі мәселелерінің талаптарын қоя бастады.

Сонымен қатар, Кеңес кезеңіндегі Қазақстан тарихы туралы зерттеулердің дені, негізінен алғанда, орыс тілінен аударылып келді, шетел ғалымдарының еңбегінің басым көпшілігіне тыйым салынды. 1986–1989 жылдары ҚР Компартиясының бас хатшысы Г.В. Колбиннің Қазақстанды басқаруы кезінде республика кадрларын тазалаудан өткізіп, асыра сілтеуге, шындықты бұрмалауға жол берді.

1980 жылдар елімізде қоғамдық саяси экономикалық үдерістерін қайта құру және мектеп реформаларын жүргізудегі айтулы оқиғалармен ерекшеленді. Осы КСР тарихының бағдарламасына сәйкес, жаңа бағдарламаға көшу қажеттілігі 1970 жылдардағы бағдарламасында тақырыпқа сәйкес емес, кейбір оқиғалар мен фактілерге тарихи баға берілмегендіктен туындады. Қазақ КСР тарихының жетілдірілген бағдарламасының бұрынғы бағдарламадан ерекшелігі одан артық ауыр материалдарды алып тастады, оның тәрбиелік идеялық, таным көзқарасын күшейтті, оқушылардың дағдысын, шеберлігін, білім көлемін анықтап берді, әдістемелік шарттарды жүзеге асыру, КСРО тарихы курсына еңбек, экономика, ерекшелігіне қарай жас мен уақытқа экология бағытындағы тақырыптарын енгізу, курсаралық байланыстарды күшейту, Қазақ КСР тарихын оқытуға сағаттарды бөлу және КСРО тарихы курсының құрамында оқу материалдарын тиімді оқыту жолдары қарастырылды. 1983 жылы жалпы құрастырылған бағдарламаға жетілдірілген өзгерістермен 1986–1987 жылдарға дейін пайдаланылып келді.

1980 жылдардың екінші жартысындағы қоғамда орын алған саяси-әлеуметтік ахуал, бір жағынан, кеңестік тоталитарлық жүйенің дағдарысы, сол кезеңде дәріштелген таптық, партиялық мазмұннан арылу қажет екендігін көрсетті. Екінші жағынан, 1980 жылдардың аяғы мен 1990 жылдардың басындағы қоғамдық-саяси жаңару пікірлердің көп-қырлылығымен байқалды. Қазақстанда 1980–1990 жылдар арасында Кеңес өкіметінің саясаты нәтижесінде жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында қазақ халқына өз халқының тарихын оқуларына мүмкіндік бермеді.

КСРО кезінде 1920–1980 жылдардың соңына дейін тарихи білім кеңестік идеология бақылауында болғандықтан Қазақстанның ЖОО-да және жалпы білім беретін мектептерде жастардың санасына «Капитализм құриды, коммунизм жеңеді» деген сенімді ғана қалыптастырды. Бұған 1990 жылдарға дейін Кеңестік тарихи білімде шектеусіз үстемдік етіп

келген еуроцентрлікті қоссақ, мектепте тарихты оқытуда жіберілген кемшіліктерді байқау қиын емес. Коммунистік идеология 1990 жылға дейін Қазақстандағы тарихи білімнің дамуына, халықтың санасының қалыптасуына, Қазақстан тарихы пәнін оқытуда ЖОО-ы мен жалпы білім беретін мектептерде көптеген методологиялық қателіктер мен кемшіліктер кері әсерін тигізгенді.

1980–1990 жылдар арасында Қазақстандағы тарихи білім беруде Кеңес өкіметі саясаттың салдарынан: коммунистік идеологияның партиялық, таптық мүддесіне сай келмейтін фактілерді жасырды, жасыруға болмайтындарын барынша бұрмалады; бүкіл Кеңес елінде бірнеше ондаған ұлт тілдерінде жұмыс істейтін мектептер үшін тарих пәнінен бір ғана бағдарлама, оқулық шығарылды; олардың мазмұнын барынша идеологияландырылды; әр ұлттың өз тарихын оқытуға жол бермеді; Еуроцентрлік пен орыстану саясаты барынша дәріптелді (Тұрлығұл, 2011: 28–40).

### Қорытынды

Қорыта келе, 1980 жылдан 1990 жылдар аралығында Қазақ КСР тарихын оқытуға сағаттарды бөлу біраз болса да көбейтіліп, тарихи білім беру дами бастаған болатын. 1990 жылы жалпы білім беретін мектеп бағдарламасына сәйкес, 1990–1991 оқу жылынан бастап Қазақстан тарихы дербес пән ретінде оқытылды.

1990-шы жылдары тарихи білім беру мазмұны дұрыс қалыптаса бастады. 1990 жылдардың бас кезінен бастап Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін реформалау басталды. Мұның өзі жоғары және орта білім беру саласында түбірлі өзгерістер жасауға жол ашты.

Яғни, 1980–2000 жылдарда жалпы білім беретін мектептер мен жоғары оқу орындарында Қазақстан тарихы пәнінің оқытылуы және оқу бағдарламаларының, оқу құралдары мен оқулықтардың жазылуы Отандық тарихи білім берудің дамуында айрықша орын алды. XX ғ. 80–90 жж. Қазақстандағы тарих ғылымы жалпы білім беретін мектептерге жаңа методология және тарих білімінің тұжырымдамасын дамытуда, тарихи білім беруде басты рөл атқарды.

Қазақстан Республикасында білім және ғылым саласында жүргізілген реформалар, қабылданған мемлекеттік бағдарламалар мен стратегиялар ұлттық тарихи білім берудің дамуына және Қазақстан Республикасының әлемдегі беделінің артуына жағдай жасады.

### Sources

CSA RK — Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.

### Дереккөздер

ҚР ОМА — Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.

### References

Adambosynov, 2006 — *Adambosynov K.* XX. songy shiregi men 1920 deyin Kazakhstan medreselerindegi tarikh pani: bagdarlamalary, okulyktary [XX century the last quarter and 1920 History subject in madrasahs of Kazakhstan: programs, textbooks]. Almaty: Syrym, 2006. (In Kaz.)

Aiagan, 2012 — *Aiagan B.* Kazakstannin jana tarihi [New history of Kazakhstan]. Almaty, 2012. 107 p. (In Kaz.)

Altynsarın, 1879 — *Altynsarın İ.* Kirgizskaia hrestomatia [Kirghiz anthology]. Book 1. Orenburg: Tipografia İ.İ. Evfimovskogo-Miroviskogo, 1879. 112 p. (In Russ.)

Asfendyarov, 1993 — *Asfendyarov S.* Kazakstan tarihinin programı [Program of history of Kazakhstan]. Kazak tarihi jurnali. 1993. No. 2. Pp. 24-36. (In Kaz.)

Bekmakhanov, Bekmakhanov, 1987 — *Bekmakhanov E, Bekmakhanov L.* Kazakhstan tarihy [History of Kazakhstan]. Alma-Ata: AN KazSSR, 1987. 128 p. (In Kaz.)

Karzhy-economy sozdici, 2007 — *Karzhy-economy sozdici* [Financial and economic dictionary]. Almaty: QR Bilim zhane gylım ministerliginin Economica instituty, "Ziyatker" ZhSS, 2007. 640 p. (In Kaz.)

Kazakh SSR tarihy (köne zamannan byginge deyin), 1984 — *Kazakh SSR tarihy (köne zamannan byginge deyin)* [History of the Kazakh SSR (from ancient times to the present day)]. 5-vol. edition. Vol. 5. Almaty: Kazakh

SSR-nin "Gylym" baspasy, 1984. 728 p. (In Kaz.)

Karibaev, 2007 — Karibaev B. Shakarim Kudaiberdiuku jane Kazak Handığı kurulyının meseleleri, Shakarim Kudaiberdiulunın murası [Shakarim Kudaiberdiuly and the problems of the establishment of the Kazakh Khanate. The legacy of Shakarim Kudaiberdiuly.]. Respublikalık ғылыми-практикалық konferentsiya Алматы: Kazprint баспасы, 2008. 146 p. (In Kaz.)

Kozybaev etc., 2005 — *Kozybaev M., Nurpeyis K., Zhukeshev K.* Kazakhstan tarihy (1914–2004) [History of Kazakhstan (1914–2004)]. Almaty: "Mektep" baspasy, 2005. 248 p. (In Kaz.)

Kazakhstan Respublikasında tarihi sananı kalıptastıry tujırımdaması, 1995 — Kazakhstan Respublikasında tarihi sananı kalıptastıry tujırımdaması [The concept of formation of historical consciousness in the Republic of Kazakhstan]. Almaty: Egemen Kazakistan, 1995, Pp. 5–7. (In Kaz.)

Kazakhstan Respublikasy Strategialyk josparlau ... — *Kazakhstan Respublikasy Strategialyk josparlau* jane reformalar agenttigi, Ulıtyq statistika bürosy [Agency for Strategic Planning and reforms of the Republic of Kazakhstan. National Bureau of Statistics] <https://stat.gov.kz/respondent/form> (access date 02.02.2023). (In Kaz.)

Kunantaeva, 1970 — *Kunantaeva K.* Okushylardun okudan tıs birlestikteri. Muğalımder men tarbieshilerge arnalğan komekshi kural [Extracurricular associations of students. A tool for teachers and educators]. Almaty: Mektep, 1970. 91 p. (In Kaz.)

Kapağan, Bacaklı, 2020 — *Kapağan E., Bacaklı Y.* Alaş Orda Dönemi Kazak Edebiyatında Aydınlanma ve Millî Bilincin Yeniden İnşası / Enlightenment and Reconstruction of National Awareness in Kazakh Literature During Alash Orda Era. Journal of History Culture and Art Research, 9(2), 2020, 501-510 p. DOI: <http://dx.doi.org/10.7596/taksad.v9i2.2448> (In Turk.)

Omarbekov, 2013 — *Omarbekov T.* Qazaq tırki memleketteri: kağanattar, ulystar men handyqtar [Kazakh Turkic states: khaganates, uluses and khanates]. Almaty: Qazaq ынiversiteti, 2013, 330 p. (In Kaz.)

Satershinov, 2011 — *Satershinov B.M.* Tarihi sana – tuelsizdiktin rukhani tугyry [Historical consciousness is the spiritual foundation of independence]. Almaty: FzhSI KBO, 2011. 291 p. (In Kaz.)

Turlygul, 2011 — *Turlygul T.* Mektepte Kazakhstan tarikhyn okytudyn theory of men adistemesi [Theory and methodology of teaching the history of Kazakhstan at school.]. Almaty: Karasai, 2011. 264 p. (In Kaz.)

Turlygul, 2011 — *Turlygul T.* Mektepte Kazakhstan tarikhyn okytudyn theory of men adistemesi [Theory and methodology of teaching the history of Kazakhstan at school.]. Almaty: Gylym, 1994. (In Kaz.)

Zhylkyshybaeva, 2023 — *Zhylkyshybaeva K.* 1980–2000 yıllar arasi Kazakhstan tarih eđitimi [History education in Kazakhstan between 1980 and 2000]. Turkiye: Konya, 2023. Kömen yayınları. 278 p. ISBN – 978-605-2074-90-6 (In Kaz.)

### Әдебиеттер

Адамбосынов, 2006 — *Адамбосынов К.* XX ғ. соңғы ширегі мен 1920 ж. дейін Қазақстан медреселеріндегі тарих пәні: бағдарламалары, оқулықтары. Алматы: Сырым, 2006. 114 б.

Алтаев, 2011 — *Алтаев Ж.* Ғылым тарихы мен философиясы: ЖОО-ның магистранттарына арналған оқулық. Алматы: «Эверо», 2011. 81 б.

Алтынсарин, 1879 — *Алтынсарин Ы.* Киргизская хрестоматия. Книга 1. Оренбург: Типография: Ефимовского-Мировицкого. 112 с.

Асфендияров, 1993 — *Асфендияров С.* Қазақстан тарихының програмы // Қазақ тарихы журналы, 1993. № 2. 24–36 бб.

Аяған, 2012 — *Аяған Б.* Қазақстанның жаңа тарихы. Алматы, 2012. 107 б.

Бекмаханов, Бекмаханова, 1987 — *Бекмаханов Е, Бекмаханова Л.* Қазақстан тарихы. Алма-Ата: АН КазССР, 1987. 128 б.

Жылқышыбаева, 2023 — *Жылқышыбаева К.* 1980–2000 жылдар аралығындағы Қазақстандағы тарих білімі. Туркия. Кonya: «Көмен» баспасы, 2023. 278 б. ISBN – 978-605-2074-90-6

Кәрібаев, 2007 — *Кәрібаев Б.* Шәкәрім Құдайбердіұлы және Қазақ хандығы құрылуының мәселелері. Шәкәрім Құдайбердіұлының мұрасы. Республикалық ғылыми-практикалық конференция. Алматы: «Казпринт» баспасы, 2008. 146.

Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін), 1984 — *Қазақ ССР тарихы (көне заманнан бүгінге дейін)*. Бес томдық. V-том. Алматы: «Ғылым» баспасы, 1984. 728 б.

Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау ... — *Қазақстан Республикасы стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі*. Ұлттық статистика бюросы <https://stat.gov.kz/respondent/form>. (дата посещения: 02.02.2023)

Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы, 1995 — Қазақстан тарихында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы. Алматы. Егемен Қазақстан, 1995. 5–7 бб.

Қаржы-экономика сөздігі, 2007 — *Қаржы-экономика сөздігі*. Алматы: ҚР Білім және ғылым министрлігінің Экономика институты, «Зияткер» ЖШС, 2007. 640 б.

Қозыбаев т.б., 2005 — *Қозыбаев М., Нұрпейіс К., Жүкешев К.* Қазақстан тарихы (1914–2004 жж.). Жалпы білім беретін мектептің 9-сыныбына арналған оқулық. Алматы: «Мектеп» баспасы, 2005. 248 б.

Құнантаева, 1970 — *Құнантаева К.* Оқушылардың оқудан тыс бірлестіктері. Мұғалімдер мен тәрбиешілерге арналған көмекші құрал. Алматы: Мектеп, 1970. 91 б.

Қараған, Basaklı, 2020 — *Қараған Е., Basaklı Y.* Alaş Orda Dönemi Kazak Edebiyatında Aydınlanma ve Milli Bilincin Yeniden İnşası / Enlightenment and Reconstruction of National Awareness in Kazakh Literature During Alash Orda Era. Journal of History Culture and Art Research. 9(2). 2020. Pp. 501–510. DOI: <http://dx.doi.org/10.7596/taksad.v9i2.2448>

Омарбеков, 2013 — *Омарбеков Т.* Қазақ түркі мемлекеттері: қағанаттар, ұлыстар мен хандықтар. Алматы: Қазақ университеті, 2013. 330 б.

Сатершинов, 2011 — *Сатершинов Б.М.* Тарихи сана — тәуелсіздіктің рухани тұғыры. Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФЖСИ КБО, 2011. 291 б.

Тұрлығұл, 1994 — *Тұрлығұл Т.* Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы: Ғылым, 1994.

Тұрлығұл, 2011 — *Тұрлығұл Т.* Мектепте Қазақстан тарихын оқытудың теориясы мен әдістемесі. Алматы: Қарасай, 2011. 264 б.

## МАЗМҰНЫ

### ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

<b>Нұрғазина Н.Д., Аманжолова А.Қ.</b> МОҒОЛСТАН МЕН ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ КӨРІНІСІ.....	646
<b>Саидов И.М.</b> ШАРУА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ САЯСАТЫ: ІЗДЕУ, СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАКТИКА.....	661

### ТАРИХ

<b>Асанова Г.К., Әділбектегі Г.Ә., Сайн Э.Д.</b> ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.....	675
<b>Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж.</b> XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ.....	692
<b>Гейноуз Дж., Беркінбаев О.У.</b> ӘБЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ.....	704
<b>Еришева Т.А., Қара Ә., Алпысбес М.А.</b> ТАРИХИ ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	725
<b>Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.</b> ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ.....	744
<b>Жылқышыбаева К.К.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ.....	758
<b>Қаратаев Ә.Ә.</b> ШЕЖІРЕ БОЙЫНША ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ: ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НЕМЕСЕ МОҒОЛСТАН?.....	772
<b>Марғұлан А.</b> XIII–XV ҒАСЫРЛАРДА АҚТӨБЕ-ЛАЕТИ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАШЫҒЫНДА ҚЫШ ҰЛЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ.....	790
<b>Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М.</b> САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.).....	802
<b>Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.</b> МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ.....	815
<b>Токишқадиров Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.Қ.</b> 1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ.....	830
<b>Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А.</b> МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ.....	843

### АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Біләлова Г., Хабдулина М.</b> БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚОРЫМЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ.....	856
<b>Иуксел Ф.А., Қаражігітова Ә.Е., Қасенәлі А.Е.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: САН ЖӘНЕ САПА (2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ).....	869
<b>Ярыгин С., Сакенов С.</b> БУРАБАЙДАН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ.....	885

## СОДЕРЖАНИЕ

## ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

<b>Нургазина Н.Д., Аманжолова А.К.</b> ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ ПО ИСТОРИИ МОГУЛИСТАНА И ГОСУДАРСТВА ТИМУРА.....	646
<b>Саидов И.М.</b> ПОЛИТИКА КООПЕРИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСТВА: ПОИСК, СТРАТЕГИИ И ТАКТИКИ.....	661

## ИСТОРИЯ

<b>Асанова Г.К., Адильбектеги Г.А., Сайн Э.Д.</b> ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ.....	675
<b>Адиет К.Б., Калиев Ж.</b> КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.....	692
<b>Гейноуз Дж., Беркинбаев О.У.</b> АБИЛПЕЙИЗ СУЛТАН И ЕГО ПОТОМКИ.....	704
<b>Еришева Т.А., Кара А., Алпысбес М.</b> ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР.....	725
<b>Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А.</b> РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	744
<b>Жылкышыбаева К.К.</b> ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980–1990 ГГ.).....	758
<b>Каратаев А.А.</b> ПРОИСХОЖДЕНИЕ ПЛЕМЕН СТАРШЕГО ЖУЗА ПО ШЕЖИРЕ: УЛУС ДЖУЧИ ИЛИ МОГУЛИСТАН?.....	772
<b>Маргулан А.</b> ИЗУЧЕНИЕ ГОНЧАРНОЙ КЕРАМИКИ В ЗОЛОТООРДЫНСКОМ ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ-ЛАЭТИ В XIII–XV ВЕКАХ.....	790
<b>Сарсембина К.К., Козыбаева М.М.</b> СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.).....	802
<b>Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж.</b> МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОЛОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ.....	815
<b>Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К.</b> ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ.....	830
<b>Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А.</b> КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ.....	843

## АНТРОПОЛОГИЯ

<b>Билялова Г., Хабдулина М.</b> ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД МУСУЛЬМАНСКОГО НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА БОЗОК.....	856
<b>Иуксел Ф.А., Каражигитова А.Е., Касенали А.Е.</b> АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО (НА ОСНОВЕ ДАННЫХ ЗА 2021 ГОДА).....	869
<b>Ярыгин С., Сакенов С.</b> СЛУЧАЙНЫЕ НАХОДКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ БУРАБАЯ.....	885

## CONTENTS

## THEORY OF METHODOLOGY

<b>Nurtazina N.D., Amanzholova A.K.</b> REFLECTION OF TRADITIONAL ISLAM IN WRITTEN SOURCES ON THE HISTORY OF MOGHULISTAN AND TIMUR'S STATE.....	646
<b>Saidov I.M.</b> POLICY OF COOPERATION OF THE PEASANTRY: SEARCH, STRATEGIES AND TACTICS.....	661

## HISTORY

<b>Assanova G., Adilbektegi G., Sain E.</b> ECOLOGICAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE.....	675
<b>Adiyet K., Kaliev Zh.</b> KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES).....	692
<b>Gainous J., Berkinbaev O.U.</b> ABILPEIZ SULTAN AND HIS DESCENDANTS.....	704
<b>Yerisheva T., Kara A., Alpysbes M.</b> STUDYING OF THE HISTORICAL MEMORY PROBLEM IN KAZAKHSTAN: A HISTORIOGRAPHICAL REVIEW.....	725
<b>Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A.</b> "THE UNRELIABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY.....	744
<b>Zhylkyshybayeva K.</b> HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN 1980–1990.....	758
<b>Karatayev A.A.</b> ORIGIN OF THE TRIBES OF THE SENIOR ZHUZ ACCORDING TO SHEZHIRE: ULUS JUCHI OR MOGULISTAN?.....	772
<b>Margulan A.</b> THE STUDY OF POTTERY CERAMICS IN THE GOLDEN HORDE SETTLEMENT OF AKTOBE-LAETI IN THE XIII–XV CENTURIES.....	790
<b>Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M.</b> THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950).....	802
<b>Tastekova G.B., Alpysbes M.A., Urakov D.Zh.</b> MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIS.....	815
<b>Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K.</b> TRAGEDY OF THE 1920–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA.....	830
<b>Shalmanova A., Beknazarov R.</b> KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT.....	843

## ANTHROPOLOGY

<b>Bilyalova G., Khabdulina M.</b> THE FUNERARY RITUAL IN THE MUSLIM BURIAL GROUND OF THE BOZOK SETTLEMENT.....	856
<b>Yuksel F.A., Karazhigitova A., Kassenali A.</b> ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN: QUANTITY AND QUALITY (ACCORDING TO THE DATA OF 2021).....	869
<b>Yarygin S., Sakenov S.</b> CHANCE FINDS OF THE BRONZE AGE FROM BURABAY.....	885



---

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми

журналы 2023. 10 (4)

*Бас редактор:*  
*Қабылдинов З.Е.*

*Компьютерде беттеген:*  
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.12.2023.  
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

*Құрылтайшысы және баспагері:*  
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым  
комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты  
ШЖҚ РМҚ

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*  
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй  
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ  
РМҚ Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru)  
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:  
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

---